

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____

Топ: кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.12 - 08.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) Сәлем, сәлем әнімен қарсы алу. (BilimKids-тегі медиа бөлімінде "Сәлем, сәлем!" мультфильмін қосу.) (музыка) Көңілді әуен қосу арқылы жағымды атмосфера құру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрышында тұрған ойыншықтардың біреуімен ойнау	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге ынталандыру	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін

кітаптарды қарау және басқалар)	туралы қалауын айтуды, оны қолмен көрсетуді және атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнын жинауға ынталандыру, мақтау. (еңбек дағдылары)	(денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға қызықтыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	жапырақтарын үзіп алып тастау және суғару керектігін түсіндіру және көрсету. (еңбек дағдылары)	сабындауға көмектесу, қолды су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамал ілетін орынды немесе оның суретін көрсету. (еңбек дағдылары)	бөлшектерді орнына салу үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау керектігін түсіндіру. (еңбек дағдылары)
	"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді	«Көліктермен саяхат» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды көлеміне қарай салыстыруды үйретуді жалғастыру: үлкен мәшинеді үлкен аңдар, кішкентай мәшинеді	«Аққала» саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Қане, қане балақай, (шапалақ) Тұрғызамыз аққала! (аққаланы қалай жасайтындарын қолмен көрсету) Аққаланы айналып, (шеңбер болып айналады)	«Қоян» Мақсат-міндеттері. Тілдерін дамыту, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ұзын құлақ, сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлерден, Ытқып-ытқып секірді.	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Көмекшілер көп менде, Күнде еңбектенеді. Тыным таппай

	ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әр балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбіз (мұрын), шелек пішіндерін табақшаға салып береді. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркемсөзді айтады, қимылдар жасайды. Аққала денесі дөп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу) Дөңгелек басына киген көк шелек,	кішкентай аңдар. Қоянның құйрығы қысқа, түлкінің құйрығы ұзын болады. Құралдар: әртүрлі мөлшердегі машинелер мен ойыншықтар. (сенсорика, қоршаған ортамен танысу)	Ойнаймыз біз шаттана. (шапалақ) Аққала, аққала Сені жасап бәріміз, Айналамыз қуана! (шеңбер болып айналады)) (Г.Жетписова) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің. Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	күніге, Маған көмектеседі. Бір, екі, үш, төрт, бес, Демалайық, отыр тез. Өрлі-берлі қозғалды, Тырсылдатты жан-жақты. Бір, екі, үш, төрт, бес, Жұмысқа кіріс тез. (сөйлеуді дамыту)
--	--	---	---	--	--

	(алақандармен бастың төбесін жабу). Басады қос аяқтарын маймаңдап, (саусақтың ұшымен үстелді тықылдату) Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу). (сенсорика, сөйлеуді дамыту)				
Ертеңгілік жаттығу	1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қою, жалау ұстаған қолдарын алдыға ұстау. 1.1. Жалауларды жоғары көтеру, жалауларды оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау). 1.2. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау. 2–1 жерге отыру, жалауларды иық тұсына қою, тұру, жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау). 2–2 бастапқы қалыпқа келу. 3. Екі жалауды бір қолға ұста,, бір орында 20-30 сек. секіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. Дастарқанның әдемісін-ай,				

	Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай! Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста баяу ойналатын әуенжазбаны қосу. Көркемсөз Д. Ахметова "Қыс келді!" Қыс келді! Ду қол шапалақ! Қыстың тоны аппақ! Аппақ аула, Қуанады бала. Қыс келді! Ду қол шапалақ! (сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Қоян секіруге шақырады". Мақсат-міндеттері. Балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіру дағдыларын пысықтау; бір	Музыка "Пойыз". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажыратуды үйрету; музыка сипатына сай	Дене шынықтыру. "Тәуелсіз Қазақстан". Мақсат-міндеттері. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету; бір ізбен жүре отырып,	Дене шынықтыру "Алға, Қазақстан!" Мақсат-міндеттері. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындыктан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту іскерліктерін жетілдіру; бір ізбен жүре отырып,	Сурет салудан ойын-жаттығу "Бәйтерек". Мақсат-міндеттері. Балаларды Бәйтерек кескінін бақылай отырып, көлденең қысқа сызықтардың салыну тәсілін игеруге үйрету;

	орында тұрып секірудің техникасын пысықтау; өткен оқу қызметтерін қайталау; балаларды бір орында тұрып екі аяқты осып секіру жаттығуын ынтамен орындауға құлшындыру; доптарды көлемі бойынша ажырата білу іскерліктерін дамыту. "Үлкен және кішкентай доптар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды жетілдіру; қолдың моторикасын, балалардың заттың көлемі туралы түсініктерін дамыту.	ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; көлік мағынасын түсіндіру. Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілетін дамыту; әнді тыңдап, сын-сипатын ажырата білу дағдыларын үйрету; музыканың сипатына сай ырғақты қимылдарды қайталай білу дағдыларын жетілдіру. "Көліктерді топта" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Көліктердің шығаратын дыбыстарын ажыратуды үйрету.	кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын меңгерту. Балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс орындау икемділіктерін жетілдіру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; кеңістікте өз дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын қалыптастыру; тақырыпқа қызығушылықтарын арттыру. "Тальго пойызы" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірінің	кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту; балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіре отырып, дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту.	қарындашты үш саусақпен ұстау, қысқа сызықтарды тігінен орналасқан бейненің жоғарғы жағынан төменге қарай көлденең, бірыңғай қимылмен сол жақ қабырғасын оң жақ қабырғасына жеткізіп салуға жаттықтыру; қарындаштың ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі бастама жерге ауысып, бақылап отыруға дағдыландыру; еліміздің астанасы туралы түсінік беру.
--	--	---	--	--	---

			артынан асықпай, итерміспей жүруді үйрету.		
2- таңғы ас	Тағамның атауын еске сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Қарды бақылау (қар жамылған алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды қыс мезгілінің ерешеліктерін және қарды бақылауға қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аудару, қысқы табиғаттың сұлулығын сөзбен айтуға ынталандыру.	Аула сыпырушының қысқы жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Үлкендердің еңбегі туралы білімдерін кеңейту, олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Күрекшені аламыз, Жолды қардан тазартамыз. Біз көңілді баламыз, Шаршамаймыз! - Қыста аула	Қайыңды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ағаш туралы түсініктерін кеңейту; қайыңның басқа ағаштардан ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру; табиғатты қорғауға ұмтылысты тәрбиелеу. Балаларды қайың ағашына апару. Оның	Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты немесе ашық, боранды немесе аязды, суық немесе жылы болатынына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін	Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын қолдарына ұстату, олардың жапырақтарға

- Балалар, бәрежелді! - Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр? - Иә, айналада қар жатыр. - Қар қайда жатыр? - Қар жерде жатыр. Шатырларда да қар жатыр. Айналаның бәрі аппақ. - Далаға не болған? Даланы қар басқан. Ағаштар аппақ тонда, Бұталар аппақ болған, Ақ жолдар ізге толған. "Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта тура бағытпен жүруді, екі	сыпырушыға қандай құралдар қажет? (Сыпырғыш, күрек, қырғыш, шелек.) - Қыста аула сыпырушы қандай жұмыс істейді? (Топтарға кіре берістегі жолдарды тазартады, қоқыстарды жинайды). - Сыпырушының жұмысы не үшін керек? (Балабақша аумағын таза ұстау үшін). Қимылды ойын «Ақ қоян» (дене шынықтыру, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға мәтінді тыңдауды және мәтінге сәйкес қимылдарды	діңіне назар аударту. (Ақ және қара жолақтары киімге ұқсайды.) Балаларға аязды күндері ағаштар мен бұталардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатынын, сондықтан оларды ұстауға, бүлдіруге болмайтынын түсіндіру. Қысында да шырайлы, Жасыл шырша ұнайды. Түні бойы жауды қар, Салбырады сәнді тал. Сырғалы қайың, ақ қайың, Баптайын, күтіп, сақтайын. «Көпіршік» қимылды ойыны. (дене шынықтыру,	дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. Не көріп тұрсыңдар. - Иә, айналада қар жатыр. - Аспанымыз сұр (көгілдір). - Қыста күн суық болады. - Адамдар жылы киімдерін киіп жүр. - Біз үстімізге нені кидік? Балалар жауап бермей жатса да, олардың үстіндегі киімдерді көрсете алады. Көркемсөз Д. Ахметова "Қыс". Қыс мезгілі. Суықта Қар жауады қалықтап. Қар жауады қалыптап,	ұқсамайтынын, түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. Педагог балаларды жасыл шыршаның алдына алып келеді. Аулада өсіп тұрған шырша болмаса, педагог пластиктен жасанды шыршаны учаскеге шығарып қоя алады. - Балалар, мынау не? - Жарайсыңдар, балалар! Бұл шырша ғой. - Қараңдаршы, балалар, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты. Көркемсөз. Ә. Табылдиев "Шырша".
---	---	--	---	--

аяқпен секіруді, жүгіруді, алға жылжу дағдыларын жетілдіру, тепе-теңдікті сақтауды дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларға көркемсөз оқу арқылы қимылдарды орындауға ынталандырады. Көркемсөз. Д. Ахметова "Жүгірейік!" Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Ал енді, жылдам жүгірейк,	орындауды үйрету; секіруді, қол шапалақтауды, мәтіннің соңғы сөзін естігеннен кейін қашуды үйрету; балаларға қуаныш сыйлау. Ойын шарты: балалар дөңгеленіп қол ұстасып тұрады, ортада бір бала қоян болады. Балалардың барлығы қоянды оятуға тырысады. Қояным, қояным ұйқыңнан тұршы, Бет-қолыңды жушы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы, Мәсіңді киші, Көйлегіңді киші.	көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңбер құруды, оны кеңірек немесе тар етіп жасауды, қимылдарды айтылған сөздермен үйлестіруді үйрету. Балалар бір-біріне жақын тұрады, қолдарын біріктіріп шеңбер құрады. Тәрбиеші: Көпіршікті үрлейміз! Үлкен ғып үрлейміз! Осылай тұрамыз, Жарылып кетпейміз. Балалар шеңберді кеңейтеді, тәрбиеші «Көпіршік жарылды» дегенше, бәрі қол ұстасып тұрады. Балалар еңкейіп: «шапалақ, ш-ш-ш» деп айтады.	Аппақ қабықпен қаптап. Қыс мезгілі. Аппақ қала. Ақ көшелер. Ақ сала. Ақ көшелер. Ақ сала. Аулада тұр аққала. "Мәшинелер жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауды үйрету; бір-біріне соғылмай, топтасып жүру дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға	Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терленді, Үйге кірді төрледі. "Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасауды және көтеріңкі көңіл күйге бөленуге баулу. Педагог балаларға безендірілген шыршаны көрсетеді. Шыршаға қараңдар, Таңғалып қалмаңдар. Бұтақтағы ойыншықпыз, Шеңбердегі аюмыз.
---	--	--	---	--

	Саптан қалмай үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай! Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ...		Тәрбиеші көпіршік жарылғанда одан ауа шығатынын түсіндіреді. Содан кейін балалар көпіршікті қайта "үрлейді".	қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға руль ұстағандай ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап тұру, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. Бағдаршамда жасыл шам - Мәшинелерге жол ашық. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар! Бағдаршамда қызыл	Енді, біз түлкіміз, Түлкі болып жүрміз. Қоянмен біргеміз, Бірге секіреміз. Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды жасап көрсетеді. Балықтай жүземіз, Үндемей күлеміз.
--	--	--	---	--	--

				шам - Мәшинелер тоқтасын. Ойын екі рет өткізіледі.	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың тәбетін ашу, өз беттерімен тамақтануға ынталандыру. Дастарқанның әдемісін-ай, Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай! Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Құйрықтар» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Түймеқыз» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Аю мен маса» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады. (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту,	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық				

сауықтыру шаралары	Аунап-қунап алайық, Ұйқымызды ашайық! Самал жел (ішпен жату, қолдары дене бойында, бастарын сәл көтеру, жел соққанын көрсету). Ф-ф-ф. Желдің желпуі (ішпен жату, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу). Жел бұлттарды айдайды (тізені құшақтап жату, денесін алдына және артына тербелу! (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Алтын балық". Мақсат-міндеттері. Балаларды аквариум және онда жүзіп жүрген балықтардың дене мүшелері, тіршілік етуімен таныстыру; балықтар туралы түсінік беру; көлде жүзетін балықтар мен аквариумдағы балықтардың айырмашылығы	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Менің Отаным". Мақсат-міндеттері. Балаларға Е. Өтетілеудің "Менің Отаным" өлеңін жаттатқызу, мәнерлеп айтуды үйрету; Отан, Қазақстан туралы негізгі ұғымдармен таныстыру; өлең жолдарын оқығанда жағымды эмоцияларға бөленуге жағдай	"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдауды, алаңда еркін қимылдар жасауды, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.	Құрастырудан ойын-жаттығу "Жүргінші жолы". Мақсат-міндеттері. Балаларды кірпіштен "жүргіншінің ала жолақты жолын" жасауды үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру; жасалған өнімнің үлгіге сай болуын және өз іс-әрекетінің нәтижесіне шаттану	Музыкадан ойын-жаттығу "Елімнің рәміздері". Мақсат-міндеттері. Балаларға музыканы тыңдағанда жоғары және төмен дыбыстарды ажырату қабілеттерін дамыту; Отан сөзін естігенде жағымды эмоцияларды білдіруге ынталандару.

	туралы білімдерін кеңейту.	жасау. Балалардың тілін, зейінін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.	Шарты: педагог түлкі рөлін сомдайды, балалар ойыншылар болады; "түлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға өтеді. Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында балаларды асықтырмайды. Ойын балалардың өз орындарына өтіп тынышталуына, өзін-өзі басқаруына ықпал етеді. Педагог: - Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып,	қабілетін арттыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау дағдыларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын, түйсігін дамыту.	
--	-----------------------------------	--	--	---	--

			тез отыра қаласыңдар. Орындарыңа отырмасаңдар, мен орынды басып аламын. Бастайық. Көркемсөз. Д. Ахметова "Түлкі". Мен түлкімін, түлкімін, Құлықпен өтер күнім. Қаласам алдай саламын, Орынды басып аламын. Педагог сөздерді әндетіп айтып жүруі керек.		
Балалармен жеке жұмыс	"Артығын тап" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттері. Балаларға артық затты табуды үйрету; ойлау қабілетін, зейінін дамыту.	Қысқыштармен ойналатын ойын. Саусақтарға арналған жаттығу. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту; тақпақтағы	"Қоянды үйретейік" (артикуляциялық жаттығу). Мақсат-міндеттері. Көркемсөзге қызығушылықты тудыру; ырғақты,	Саусақ жаттығуы «Қыста көңіл көтеру». Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінге сәйкес саусақ қимылдарын жасай отырып, жеке	«Суық - жылы» ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалар кілемге малдас құрып отырады. Тәрбиеші: «Балалар, суық жел соқты».

	Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттерді ұсынады: қар, шана, доп (доп артық, өйткені қыс мезгіліне қатысты емес) (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	сөздердің ырғақтарына, педагогтің үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Ойын шарты. Жануарлардың құйрығын тауып, қыстырғышпен қыстырып біріктіреді. Ойын баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойы, тілінің дамуына зор ықпал етеді. (сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	дыбыстың сипатын сезіну қабілеттерін қалыптастыру. Балаларға қоянға көмектесуді ұсыну. Ол үшін тәрбиеші көрсеткен қимылдарды бірлесіп жасау. 1. Ауызды ашу. - Қоян, аузыңды аш! Міне, осылай аш! Міне, осылай аш! Тістерін көрсету. - Қоян, тістеріңді көрсетші! Міне, осылай көрсет! Міне, осылай көрсет! 2. Тілді көрсету. - Қоян, тіліңді көрсетші! Міне, осылай көрсет! Міне, осылай көрсет! 3. Сәбізді тістеу. - Мен сәбізді тістедім! Әй! Әй! Әй! 4. Еріндерін жалау. - Қоян барлық сәбізді	сөздерді қайталауға шақыру; жаттығу нәтижесінде жағымды эмоцияларды дамыту. - Қыста не істегенді жақсы көреміз? Ақ шанамыз зырлайды, Ақ қар оны шыңдайды. Біреу шаңғы тебеді, Біреу мұзда сырғанайды, Ал біреу қардан аққала жасайды. (сөйлеуді дамыту)	Балалар қолдарын кеудесіне айқастырады, қорыққан кейіп көрсетеді. Тәрбиеші: «Күн шықты. Күн жып-жылы болды» дегенде, балалар демалады, жүгіріп ойнайды. Тәрбиеші әрекеттерді орындайды, балалар оған еліктейді. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)
--	---	--	--	---	--

			жеді. Оған дәмді сәбіз ұнады. Ол ернін жалады. Міне, осылай жалады! Міне, осылай жалады! Ал, балалар, ернін майлықпен сүртеді. - Рақмет! - деп, орманға қашып кетті. Әр жаттығуды балалармен бірге 3 рет қайталау. (сөйлеуді дамыту)		
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері. Балаларда мәдени-гигиеналық дағдылар мен өз-өзіне қызмет көрсетуін қалыптастыру. Киім-кешек пен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенде табиғатты бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. Дастарқанның әдемісін-ай,				

	Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай! Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояға арналғына суреттерін бояту, аққаланы мүсіндеу және жапсыру жұмыстарымен айналысу. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Рөлдік ойындар.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту".